АТЫРАУ
ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

201__ жылғы _____

№ _____

№ исх: 203 от: 21.10.2020
№ вх: НПА-48 от: 22.10.2020

Атырау қаласы

город Атырау

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының атауын өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 42-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27, 37-баптарына, Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 123-бабына және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28сәуірдегі №284 «Денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық туберкулезге қарсы күрес диспансері» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының атауы «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) болып өзгертілсін және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамында қайта тіркеу жүргізілсін.

2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Кәсіпорынның Жарғысы бекітілсін.

3. Атырау облысы әкімдігінің 2018 жылғы 17 шілдедегі №161 «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Атырау облыстық туберкулезге

қарсы күрес диспансері» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы» қаулысының 3-тармағы алынып тасталсын.

4. «Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын барлық шараларды алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары Ә.И.Нәутиевке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Облыс әкімі **М.Досмұхамбетов**

17.11.2020 ЕСЭДО ГО (версия 7.23.0) Копия электронного документа. Положительный результат проверки ЭЦП.